

Оңтүстік Қазақстан облысы  
Шардара қаласы  
№1 М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебі

# *Тренинг сабақ*

*Тақырыбы: «Менің өмірдегі орным»*

Дайындаған: Л.Смайлова

2017 – 2018 оқу жылы

**Тақырыбы:** Менің өмірдегі орным

**Мақсаты:** оқушылардың өмір туралы көзқарастарын анықтау және өмірді қалай сүйетіндерін байқау; өмірдегі орыны қандай деңгейде бағаланып жатқанын қаншалықты білетіндерін анықтау; қоғамдағы жарнамаларға қалай қарайтынын білу; өмірдегі қиындық неден шығатынын, еліктеуіш, иланушылық, қызығушылық туралы түсініктері мен білімдерін анықтау.

**Қатысушылары:** 10 сынып оқушылары

**Мерзімі:** 09.04.2018ж

**Көрнекі құралдар:** интерактивті тақта, флипчарт, әуен, маркер, құм, бұршақ, тас, су, банка

**«Мен және өмір» жаттығуы.**

Оқушылар шеңберге тұрып мысалы «Мен, Айбек өмірде бақыттымын» дегендей өмірге байланысты сөз тіркестерін айтады.

**«Балалығым бақытым» жаттығуы.**

Балалық бақыт пен ересектік бақыттың ерекшеліктерін қалай түсінетіндерін тақтаға сурет салу арқылы талқылап айтады.

**«Менің таңдауым» жаттығуы.**

Оқушылардың бірі ортаға шығып қоғамдағы зиянды әдеттің бірін жарнамалайды.

Ал екінші оқушы сол зиянды әдетке қалай қарайтынын айтады.

**«Өмір» жаттығуы.**

Тақтаға «өмір» деген сөзге ассоциация жасай отырып әр сөзді жеке-жеке талдайды.

**«Өмірге эксперимент» жаттығуы.**

Банкаға тас, құм, бұршақ, су сыйғызу арқылы әр затты өмірдегі жағдайға қарай талдау.

Банка –өмір, құм-ұсақ-түйек, бұршақ- кедергілер, су- өмірдің ағысы.

**«Тыныштық сәті» жаттығуы.**

Оқушыларға жаттығу мазмұны оқылады, оқушылар көздерін жұмып отырып оны елестетеді.

**«Жылы тілек» жаттығуы.**

Оқушылар бір-біріне жылы тілек айтады.

*Көтеріп тұрып, құлатады өмір*

*Күлдіріп тұрып, жылатады өмір*

*Етегің толып еңіреген кезде*

*Қайтадан өзі жұбатады өмір*

*Үмітіңді үзіп, түңіле көрме*

*Құлап барып та гүл атады өмір*

*Үп еткен желге дірілдей берме*

*Шыдамдылықты ұнатады өмір.*

